

ҚОРЫТЫНДЫ: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2022 жылдың 27 тамызындағы № 382 бұйрық талаптарына сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей білім берудегі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес.


Анықталған кемшіліктер мен ескертулер бойынша жұмыс жоспарының қорытындысы:

1. Көрсетілген кемшілікті жою мақсатында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Б.Амиргазин АО «НЦПК» «Өрлеу» білім жетілдіру орталығынан 80 сағаттық курскқа тіркеліп 22.04-03.05.2024ж аралықта курс оқыған. Дәлелдеме құжат ретінде АБББ-нің бұйрығы салынған.
2. 2021-2022,2022-2023 оқу жылдары бойынша тәрбие жоспары 2020 жылыгы 6 сәуірдегі №130 бұйрық негізінде қайта жасап , мекеп директорымен бекітіп пдф форматта ұсынған.
3. Күнделік кз электронды журналында Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына орай ағылшын тілі пәнінен барлық сыныптар бойынша, қазақ тілі пәні және математика (2 сынып) БЖБ және ТЖБ балдарын, 4 сынып мұғалімі А.Қ:Абдельдинова математика мен қазақ тілі пәндерінен жіберілген қателерді, К.Амренова мен М.Темирбеков Т.Жумабаева үй тапсырмасындағы олқылықтарды берілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алып түзетіп, талапқа сай түзеткен.
4. «Айгөлек» шағын орталығының 2021-2022 оқу жылы бойынша сабақ кестесіндегі пән атаулары оқу жұмыс жоспарымен сәйкестендіре отырып жасалып, қайта ұсынған.
5. 2022-2023 оқу жылы мектепалды даярлық тобының перспективалық жоспарын сканерлеп, толық ұсынған .
6. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын білім бөлімінің басшысымен, мектеп директорымен бекітіп, кемшілікті түзетіп қайта ұсынған.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 22 мамырдағы №74 хаттамалық шешіміне сәйкес Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі **АТТЕСТАТТАЛДЫ**.

Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері



Аханқызы О.

Кенжебаева А.Т.
Мухаметкалиева М. К.